


# ABOUT HIV

## Гепатит және туберкулезді емдеу

АИТВ – өмір бойына созылатын науқас. Әр уақытта адамдардың көпшілігі АИТВ-мен бірге қосымша медициналық көрсеткіштермен шартталған емді қажет ететін жағдайға тап болады.

АИТВ және қосымша клиникалық ахуалды емдеу реттелген болуы тиіс, бір ауруға қарсы дәрімектер екіншісіне арналған дәріге әсер етуі мүмкін екендігін ерекше ескеру қажет. Егер сіз әр түрлі ауруларды емдеу үшін әр түрлі дәрігерлерге барсаңыз, олар не тағайындағанын бір-біріне хабарлап отыруы керек.

Атап айтқанда, АИТВ-мен өмір сүретін көптеген адамдар вирустық гепатит немесе туберкулезге қарсы емдеуді қажет етеді.



### Гепатиттер

В гепатиті және С гепатиті – бұл бауырды зақымдайтын екі әр түрлі инфекция.

Бауырдың сау болуы барлық адамдар үшін маңызды, ал АИТВ-мен өмір сүретіндер үшін ерекше маңызды. Бауыр көптеген маңызды функцияларды орындайтын өмірлік маңызы бар орган, оның қызметтерінің қатарында қаннан қажет емес заттарды сүзіп алу, тағамнан азықтық заттарды алу және ақуыздар мен гормондарды түзу болып табылады. Ол дәрілерді қорытуда маңызды орынға ие.

Бауыр ұзақ уақыт бойы алкогольді көп мөлшерде қолданған кезде зақымдалады. Ол сондай-ақ В гепатиті және С гепатитінің вирустарымен зақымданады. Қажетті емдеусіз, В гепатиті мен С гепатитінің вирустары күрделі инфекция болуы мүмкін. Олар бауыр циррозы мен бауыр обырына алып келуі мүмкін.

Сіз гепатит және АИТВ-ға қарсы емді бір уақытта ала аласыз. В және С гепатиттерімен науқас адамдар үшін АИТВ емі қауіпсіз және тиімді.

Негізінен, АИТВ-ға қарсы емде қолданылатын кейбір дәрілер В гепатитіне қарсы тиімді және ол ағзадағы В гепатиті вирусының деңгейін төмендетеді. Сіз өз дәрігеріңізбен бірге АИТВ және В гепатитіне қарсы әрекет ететін дәрімектерден тұратын біріктірілген ем таңдауыңыз керек.

С гепатитін емдеу әдісі өте тез өзгеріске ұшырап отырады, алайда емдеудің жаңашыл әдістері әрбір елде бар. Емдеудің ескі әдісі апта сайынғы егулер мен күн сайынғы таблеткаларды біріктіруге негізделеді. Ол көптеген адамдар үшін тиімді, бірақ кейбір адамдарда жағымсыз кері әсерлерді туындатады. Емдеудің барынша жаңа әдістері тек күн сайынғы таблеткалардан тұрады. Олар барлық адамдар үшін тиімді және кері әсерлері біршама аз. С гепатитіне қарсы бірнеше ай емдеу сізді егуден мәңгілікке босатуы мүмкін.

### Туберкулез

Туберкулез (ТБ) бактериалдық инфекция болып табылады, онымен иммундық жүйелері әлсіреген АИТВ-мен өмір сүретін адамдар ауруы мүмкін.

Бактерия бір адамнан екіншісіне ауа арқылы беріледі. Негізінен бактерия өкпені зақымдайды, бірақ олар басқа дене мүшелерін де зақымдауы мүмкін (мысалы, сүйектер мен буындар)

Иммундық жүйесі сау адамдарда да бактериялар болуы мүмкін, бірақ олардың иммундық жүйесі инфекцияны бақылау мүмкіндігіне ие. Ал, иммундық жүйесі әлсіз адамдар (мысалы, АИТВ болуы себебінен немесе APB емдеу қабылдамау нәтижесінде әлсіреген) бактерияларды бақылай алмайды.

Егер сіз өзіңізді туберкулез кесірінен науқас сезінсеңіз, туберкулезге және АИТВ-ға қарсы ем алуыңыз қажет:

- Туберкулезге қарсы дәрімектер сізді бактериялардан арылтып, туберкулезден емдейді. Мұндай ем негізінен алты ай немесе одан да ұзаққа созылуы мүмкін.
- АИТВ-ға қарсы дәрімектер келешекте жаңа туберкулез ошағының пайда болу қаупін төмендетеді. Олар сіздің иммундық жүйеңізді нығайтады.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында [www.pro-vich.info](http://www.pro-vich.info) және [www.about-hiv.info](http://www.about-hiv.info) желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: [www.about-hiv.info](http://www.about-hiv.info); [www.pro-vich.info](http://www.pro-vich.info); [www.aidsmap.com](http://www.aidsmap.com) Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220